

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.6. - С.87-89

ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕР ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Шакерхан Н.

Интерактивті оқытудың әдістері оқу үдерісінде биік мақсатқа жетуді көздейді, яғни студенттердің кәсіби күзреттілігін дамытуға әсер етеді. Бұл мақалада педагогикалық іс-тәжірибеде қолданыс тапқан, білім алушылар арасында апробациядан өткен оқытудың интерактивті әдістеріне тоқталдым.

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдіс қарқыны білім беру жүйесінің алдына оқыту технологиясын жетілдіру міндеттерін қойып отыр. Тәуелсіз еліміздің болашағы білім беру жүйесіне байланысты. Осыған байланысты педагог мамандар оқытудың ең тиімді әдіс-тәсілдерін зерттеп, тәжірибе жүзінде сынап келеді. Бірнеше оқыту әдістерін салыстыра қарастыру арқылы әр оқытушы оқытудың жаңа технологияларын таңдап, ой елегінен өткізіп, өздерінің сабақтарында қолданады [1]. Сондықтан менің де, алға қойған мақсаттарымның бірі-оқытудың әдіс тәсілдерін жетілдіріп отыру, қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру және инновациялық, интерактивтік әдістемелерді сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалымды тигізу.

Осындай интерактивті технологиялардың бірі, В.Ф. Шаталовтың технологиясына негізделіп жасалған, тірек сигналдарды пайдалану арқылы оқыту.

Мақсаты оқушылардың шығармашылық қабілеттерін белсендендіріп, схемалық кестелерді қолдану арқылы оқушылардың білімдерін, біліктерін, дағдыларын қалыптастырып, берілген сұрақтың жауабын тезірек табу мүмкіншілігін туғызады. В.Ф. Шаталов технологиясының басты ұстанымы тірек-сызбаларды пайдалану арқылы үздіксіз қайталау, жүйелі білімді қалыптастыру [2, 3]. Тірек сигналдары – білім алушының ойлау қабілетіне түрткі салатын белгілі мәні бар біріккен кілт сөздердің және басқа тірек белгілердің жиынтығы. Тірек сигналдар – кестелер, сызбанұсқалар, диаграммалар, модульдер, блоктар, суреттер арқылы іске асырылады. Тіптен, физика пәнінде қолданылатын барлық физикалық шамалар олардың өлшем бірліктері, формулалардың барлығы дерлік тірек сигналдары болып табылады.

Тірек сигналдарын теориялық білім күрделі болып келген жағдайда пайдаланған тиімді. Күрделі формулаларды қорыту барысында, құралдардың неден тұратыны, қалай жұмыс істейтінін меңгеру үшін көп көмегін тигізеді [4]. Оқытушы әрбір тақырыпты түсіндіргенде оқушылардың мүмкіндіктеріне

қарай тірек белгілері мен тірек конспектілерін пайдаланған жөн. Негізгі заңдылықтарды тірек белгілері арқылы беру оқушыларды жинақылыққа, көркемдікке баулып, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ойлау қабілетін арттырып, оларды шығармашылыққа баулуға мүмкіндік береді. Білім алушыларға ұзақ уақыт есте сақтау қабілетін арттыру үшін жаңа сабақты, әсіресе заңдылықтар мен құбылыстарды тірек сигналдары мен тірек конспектілері бойынша берген жөн. Мысалы, сұйықтың механикалық қозғалысын зерттейтін гидродинамика бөлімінде сұйық қасиетін сипаттайтын параметрлерінің бірі тұтқырлық туралы былай айтылады: Сұйық тұтқырлығының температураға байланыстылығы өте күшті болады: Температура көтерілгенде тұтқырлық кемиді. «Температура көтерілгенде тұтқырлық кемиді» деген сөйлемнің орнына мынадай: $t[^\circ\text{C}]\uparrow\downarrow \eta[(\text{H}^*\text{c})/\text{m}^2]$ тірек сигналдарын қолдансақ студенттердің конспект жазуына да, есіне сақтауына да жақсы көмектесері анық. Бұл жерден біз білеміз «t»-мен температура да, уақыт та белгіленеді, бірақ өлшем бірлігіне қарап температура екенін айырамыз. Өйткені физикалық шаманың өлшем бірлігі әрқашан квадрат жақшаның ([]) ішінде жазылады, ал «η» дегеніміз-тұтқырлық коэффициенті оның ХБЖ жүйесіндегі өлшем бірлігі: $[(\text{H}^*\text{c})/\text{m}^2]$. Ал Бағыттаушы сызықтар: ↑- «көтерілуін», ↓-«төмендеуін» білдіреді. Тірек сигналдарының пайдасы: материалдарды қысқаша, жинақы беруге болады.

Білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын туғызу және олардың білімдерін кеңейту, дағдыларын қалыптастыру мақсатында В.Ф. Шаталовтың технологиясы бойынша тірек-сигналдарын сабақ барысында қолдану оқытушы үшін таптырмас құрал.

Педагогикалық іс-тәжірибемде қолданыс тапқан, студенттер арасында апробациядан өткен тағы бір интерактивті технология – TBL (Team Based Learning) немесе Командалық бағдарламалы оқыту технологиясы. Бұл технологияны 1970 жылы Оклахомск Университетінің профессоры, доктор Ларри К.Мичельсен өндеген болатын [5], ал алғаш рет 2008-2009 оқу жылында Нью-Мексика университетінің медициналық мектебі адам ағзасының құрылымын, қызметі мен дамуын зерттейтін пәндер үшін (анатомия, гистология, эмбриология курсымен) осы әдіс енгізілсе, Канадада бұл әдіс «Обучения без границ» Центр Современной Педагогике ұйымында зерттеліп ізденіске енгізілген.

Қазіргі таңда TBL технологиясы Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігінде лайықты, командалық оқыту технологиясы болып саналады. Сондықтан әрбір топ шағын (5-7 студенттен тұратын) дұрыс топтастырылған командаларға бөлінеді. Команданың жұмысын қажетті бағытқа бағыттап, студенттің оқуға ынтасын арттыратын, команданың дамуына және өзара байланысына үлес қосатын тапсырмалар беріледі.

TBL технологиясы негізгі құрастырушы критериялармен сипатталады: студенттің өз бетінше дайындалуының жоғары дәрежесі; жеке немесе командалық аудиторлық тексеру тестілері; аудиторлық уақыттың көп бөлігі шешім қабылдауға негізделген командалық практикалық тапсырмаларға бөлінеді [6].

TBL технологиясы пән бойынша студенттердің білімдерін тереңдетуге, ынталарын жоғарылатуға, жауапкершілікке, өзара қарым-қатынастарын және командамен жұмыс істеу қабілеттерін жақсартуға, ойлау қабілеттерін дамытуға, көшбасшылық қасиеттерін анықтауға ықпалын тигізеді.

Қорытындылай келе, оқытудың әдіс-тәсілдерін тиімді тандап алу оқытуда табысқа жетуге негіз болады, әрі сабақтың тиімділігі мен сапасын барынша арттыруға мүмкіндік береді. Сабақта жаңа технологияларды тиімді пайдалану шығармашылық тұлға қалыптастыруға алып келеді. Білім алушылардың білім сапасын арттырады, шығармашылық қабілетін дамытады, белгілі бір жетістіктерге жетелейді деп айтуымызға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Оқытудың жаңа технологиялары. // Хылық тәлімі арнайы басылым. №1 2002, б.3-7
2. К. Өстеміров. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. Алматы 2007. б. 36-44
3. К.Ж. Бұзаубақова. Инновациялық педагогика негіздері. Алматы, Білім, 2009, б. 321-328
4. Баядилова Н.М. Оқу процесінде тірек - сызбаларды пайдаланудың тиімділігі. <https://www.metod-kopilka.ru/site/user/18525>
5. Parappilly, Maria; Schmidt, Lisa; De Ritter, Samantha. Ready to learn physics: a team-based learning model for first year university// sep 2015 Том: 36, Выпуск:5, Номер статьи: 055052
6. Асимова Г.Д. ТБЛ – технологиясын дәріс оқуда қолданудың тиімділігі //Астана медициналық журналы, 2015, №2, б. 242-245.